

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 8D081 Өсімдік шаруашылығы (мамандықтары: 6D080800 – Топырақтану және агрохимия; 6D081100 – Өсімдіктерді қорғау және карантин) кадрларды даярлау бағыты бойынша 2023 жылғы диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Есепті жылы 13 отырыс өткізілді, оның ішінде 8 отырыс докторанттардың диссертациялық жұмысын қорғау бойынша.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

| № | Тегі және аты-жөні | Мамандығы | Диссертация тақырыбы | Ғылыми жетекшілері | ЖОО (оқу орны) |
|---|--|---|---|--|--|
| 1 | Вырахманов а Асем Сабитканов на | 6D080800 – Топырақтану және агрохимия | Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы топырақтардағы ауыр металдардың таралу заңдылықтарын зерттеу және олардың өсімдікке өтуін төмендету әдістерін әзірлеу | 1.Отаров Азимбай – б.ғ.к., «Тұзданған топырақтарды мелиорациялау» бөлімінің меңгерушісі, «Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС; 2.Ибраева Мария Аменовна – а.ш.ғ.к., «Топырақ құнарлылығы және биологиясы» бөлімінің меңгерушісі, «Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС; 3.Суска – Малавска Малгоша, Божена– PhD, профессор, Варшава университеті, қоршаған орта биологиясы институтының | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университе ті |

| | | | | | |
|---|--------------------------------------|---|--|---|--|
| | | | | директоры, Польша, Варшава. | |
| 2 | Іркітбай Ажаргүл | 6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы | Химиялық индукторлардың бидай ауруларын төмендетуге және төзімділігін арттыруға әсері | 1.Сапахова Загиба Бейсеновна, философия докторы (PhD), ҚР БҒМ ҒК «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» РМҚ ШЖҚ, «Селекция және биотехнология» зертханасының жетекші ғылыми қызметкері. 2.Khandakar Rafiq Islam, PhD, Огайо штаты университеті, АҚШ. | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |
| 3 | Токтарбеков а Салтанат Токтарбеккызы | 6D080800 – Топырақтану және агрохимия | Жоңышқа сорттарының өнімділігіне және оның түйнек бактерияларының симбиотикалық белсенділігіне макро және микроэлементтердің әсері | 1.Үмбетов Амангельды Кажиахметович – а.ш.ғ.д., профессор «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ. 2.Мейірман Ғалиолла Төлендіұлы - а.ш.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС–нің Басқарма Төрағасының инновация жөніндегі орынбасары; 3.Алан Хамфриз – PhD, профессор, Оңтүстік - Австралияның зерттеу және даму институты (SARDI), Австралия, Аделаида. | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |
| 4 | Алимбекова Айнур Кабыловна | 6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» | Жабық алаңда қызанақ дақылының негізгі зиянкестеріне қарсы макролофус (<i>Macrolophus nubilus</i> H.S.) биоагентін қолданудың | 1. Дүйсембеков Бахытжан Алишерович – б.ғ.к., ҚР АШҒА академигі, «Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |

| | | | | | |
|---|---------------------------------|---|--|--|--|
| | | | биологиялық негіздемесі | карантин ғылыми – зерттеу институт» ЖШС Басқарма Төрағасы; 2. Белякова Наталия Александровна – биология ғылымының кандидаты, «Өсімдікті биологиялық қорғау» зертханасының меңгерушісі, Бүкілресейлік өсімдік қорғау ғылыми – зерттеу институты (Санкт-Петербург, Ресей). | |
| 5 | Жуматаева Улжалгас Таубаевна | 6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» | Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында азиялық шегірткенің (<i>Locusta migratoria migratoria</i> L.) санын төмендету үшін энтомопатогенді саңырауқұлақтар негізіндегі биологиялық препараттарды ендіру және оларды қолдану әдістерін жетілдіру | 1.Дуйсембеков Бахытжан Алишерович – б.ғ.к., Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, «Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институты» ЖШС; 2.Крюков Вадим Юрьевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей академиясының Сібір бөлімінің «Жануарлар систематикасы және экологиясы» институты (Ресей, Новосібір қ.). | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |
| 6 | Баймуратов Алибек Кыдырхожаевич | 6D080800 – Топырақтану және агрохимия | Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында дәлмедәл егіншілік жүйесінде ашық қара-қоңыр топырақтағы қоректік заттардың таналышылық өзгергіштігі | 1.Бастаубаева Шолпан Оразовна – а.ш.ғ.к., профессор, ҚР АШҒА академигі, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының директоры. 2.Мехмет Арслан – ауылшаруашылық ғылымдарының | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| | | | | докторы, профессор, Эрджиес университеті (Кайсери қаласы, Түркия мемлекеті). | |
| 7 | Муминова Шолпан Самандаров на | 6D080800 – Топырақтану және агрохимия | Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың карқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштердің әсері | 1.Балгабаев Алимбай Мадиебекович - а.ш.ғ.к., ҚР АШҒА академигі, ҚҰАЗУ-нің «Агробиология» факультеті «Топырақтану, агрохимия және экология» кафедрасының профессоры. 2.Тастанбекова Гульнара Рахимбердыевна - а.ш.ғ.к., М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Аграрлық факультетінің деканы. 3.Джура Карагич - PhD доктор, Login ЕКО D.O.O. бөлім басшысы (Novi Beograd қаласы, Сербия республикасы) | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университе ті |
| 8 | Базарбаев Султан Оразбаевич | 6D080800 – Топырақтану және агрохимия | Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және кұмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру | 1.Наушабаев Асхат Хамитович – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Топырақтану, агрохимия және экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD доктор; 2.Мехмет Арслан – Эрджиес университеті, Ауылшаруашылық факультетінің профессоры, PhD доктор (Кайсери, Түркия мемлекеті). | Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университе ті |

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Вырахманова Асем Сабиткановнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы топырақтардағы ауыр металдардың таралу заңдылықтарын зерттеу және олардың өсімдікке өтуін төмендету әдістерін әзірлеу». Диссертациялық жұмыстың негізі далалық зерттеулер жүргізу кезінде сандық технологиялар мен қашықтықтан зондтау әдістерін қолдану топырақтағы ауыр металдардың миграциялануына мониторинг жүргізу мәселелерін шешуге, ауыр металдармен ластанған аумақтардың жағдайы мен қалпына келу мүмкіндіктерін сенімді бағалауға және осының негізінде өсімдік шаруашылығының экологиялық қауіпсіз өнімін алуға мүмкіндік беруге бағытталған. Диссертациялық жұмысында алғаш рет Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы тұзданған топырақтар үшін (Шәуілдір суармалы алқабы мысалында) құрылған деректер қорының негізінде ауыр металдардың таралуының геохимиялық ерекшелігі мен басым ауыр металдар зерттеліп анықталды. Бұл топырақтар үшін алғаш рет заманауи сандық технологияларды қолдана отырып, ауыр металдардың фондық мөлшері картаға түсіріліп, ластану сипатына баға берілген. Докторанттың зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында алынған мәліметтерінде ауыр металдармен ластанған топырақты уытсыздандырудың, олардың өсімдіктерге өтуін төмендететін (бентонит сазын қолдану арқылы) практикалық әдісі әзірленді және ғылыми түрде негізделген. Топырақтың ластануы ауыл шаруашылығы дақылдарының сапасының төмендеуіне байланысты жүретін жоғары экономикалық шығындарды туындатады, сондықтан топырақтың ластануын болдырмау елдегі басым міндеттердің бірі болуы қажет. Жұмыстың нәтижесі, топырақтың ластану мөлшерін анықтап, оның өсімдікке өтуін төмендеті отырып, бәсекеге қабілетті отандық өніммен қамтамасыз етуге негіз бола алады. Диссертациялық жұмыста ГАЖ технологиясы қолданылған, бұл өз кезегінде зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді сандық түрге ауыстыруға мүмкіндік береді.

Іркітбай Ажаргүлдің диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Химиялық индукторлардың бидай ауруларын төмендетуге және төзімділігін арттыруға әсері». Жаздық жұмсақ бидайдың өнімділігі төмендеуінің негізгі себептеріне дақылдың саңырауқұлақ ауру қоздырғыштарымен залалдануы жатады. Соңғы жылдары өсімдіктердің иммундық реттеу механизмдерін зерттеу көптеген қызығушылыққа ие болып келеді. Өсімдік иммунитеті принциптеріне негізделген өсімдік иммунитетінің индукторларын дамыту және қолдану өсімдіктерді қорғау саласындағы зерттеулердің жаңа саласы болып табылады. Диссертациялық жұмысында химиялық индукторлар салицил қышқылы (СК) мен қымыздық қышқылының (КҚ) әр түрлі концентрацияларын қолданып, танаптық жағдайда бидайдың физиологиялық көрсеткіштеріне, өнімділігіне және саңырауқұлақ ауруларына төзімділік танытуына әсері анықталды. Өсімдіктің төзімділік индукторлары – салицил және қымыздық қышқылдарының бидайдың өсімдігінің өсіп-өнуіне, өнімділігіне, физиологиялық көрсеткіштеріне және саңырауқұлақ қоздыратын ауруларға төзімділігін арттыруға оң әсерін берген концентрациялары анықталды. Осы оң әсер берген концентрацияларды болашақта фермерлер бидай

егістігін саңырауқұлақ ауруларынан кешенді қорғауда қолдана алады. Тәжірибе нысаны – жаздық бидай Арай сорты жан-жақты зерттелді. Диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге құрылған, қазіргі заманға сай әдістемелерді пайдалана отырып диссертанттың өзі орындаған, үлкен практикалық маңызы бар аяқталған ғылыми еңбек.

Токтарбекова Салтанат Токтарбекқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Жоңышқа сорттарының өнімділігіне және оның түйнек бактерияларының симбиотикалық белсенділігіне макро және микроэлементтердің әсері». Диссертациялық жұмыста алғаш рет Қазақстанның оңтүстік – шығыс аймағында ашық-қара қоңыр топырақ жағдайында, жоңышқаның жаңа сорттарының симбиоздық аппаратының қалыптасуы мен белсенділігі анықталды. Минералдық қоректену жүйесіне байланысты жоңышқаның жаңа сорттарының көкбалауса, құрғақ шөп, тұқым өнімділігі және сапасы дәлелденді. Жоңышқа өнімділігі фосфор тыңайтқышына тікелей тәуелділігі анықталды. Микротыңайтқыштарды қолдану үстеме өнім алуда маңыздылығы айқындалды. Тыңайтқыштарға байланысты жоңышқа дақылының сорттарының көкбалауса, пішен, тұқым өнімділігі анықталды. Тыңайтқыш әсеріне және жоңышқа сорттарына байланысты азот жинақтаушы түйнек бактерияларының дамуы және тамыр массасының қалыптасуы зерттелді. Тыңайтқыш қолданудың оңтайлы жағдайларының экономикалық және экологиялық тиімділігін анықталды. Жоңышқаның жаңа сорттарының өнімділігін арттыру мақсатында фосфор тыңайтқышын қолдану ұсынылды. Диссертациялық жұмысының өзектілігі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы еш күмән келтірмейді. Қазіргі заманға сай әдістемелерді пайдалана отырып диссертанттың өзі орындаған. Зерттеу нәтижелері құнды, жаңашыл ғылыми еңбектер болып есептеледі.

Алимбекова Айнур Кабыловнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Өсімдіктерді қорғау және карантин» мамандығы бойынша «Жабық алаңда қызанақ дақылының негізгі зиянкестеріне қарсы макролофус (*Macrolophus nubilus* H.S.) биоагентін қолданудың биологиялық негіздемесі». Қазіргі таңда *T. absoluta* Қазақстан Республикасының жабық алаңдарында кеңінен таралған. Диссертациялық жұмыста алғаш рет Қазақстанда *T. absoluta* биологиялық даму ерекшеліктері зерттеліп, фитофагқа қарсы түсті желімді, феромонды еліктіргіштері бар ұстағыштар мен биопрепараттардың тиімділігі анықталды. *M. nubilus* жаппай көбейту технологиясы жасалып, *T. absoluta* мен *T. vaporariorum* зиянкестеріне қарсы *M. nubilus* жылыжайға қоныстандыру технологиясы жасалды. Түркістан және Алматы облыстарының жабық алаңдарында өсірілетін қызанақ дақылдарының негізгі зиянкестеріне (*Tuta absoluta*, *Trialeurodes vaporariorum*) қарсы *Macrolophus nubilus* биоагентін қолдану арқылы күрес жүргізудегі биологиялық тиімділігі зерттелді және жылыжай зиянкестеріне қарсы қолданылатын улы инсектицидтердің кері әсерін төмендетіп, экологиялық таза өнім алынды. диссертациялық жұмысының өзектілігі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы еш күмән келтірмейді. Зерттеу нәтижелері құнды жаңашыл ғылыми еңбек болып есептеледі.

Жуматаева Улжалгас Таубаевнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында азиялық шегірткенің (*Locusta migratoria migratoria* L.) санын төмендету үшін энтомопатогенді саңырауқұлақтар

негізіндегі биологиялық препараттарды ендіру және оларды қолдану әдістерін жетілдіру». Ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы уытты, биологиялық белсенділігі жоғары жергілікті штаммдар негізіндегі отандық биопрепараттардың ауқымды түрде жасалуымен қолданылуы ашық және өте өзекті мәселе болып табылады. Диссертант Республикамыздың оңтүстік-шығыс жағдайында үйірлі шегіртке түрлеріне қарсы перспективті отандық биопрепараттарды жасауға арналған өндірістік штамм-продуценті іріктеліп алынды және қолдану мүмкіндігін зерделеу үшін кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зиянды шегірткелермен (азиялық шегіртке) күресу үшін биопрепараттардың продуценті ретінде энтомопатогенді саңырауқұлақтардың штаммдары іріктелді және бағаланды. Азиялық шегіртке дернәсілдерінің даму сатысына байланысты вируленттілік белгілері бойынша энтомопатогенді саңырауқұлақтардың коллекциясына талдау жүргізілді. Іріктеліп алынған штаммдардың биологиялық тиімділігіне климаттық жағдайдың әсері анықталды. Азиялық шегірткенің сан мөлшерін тиімді төмендету үшін инокулюмнің оңтайлы концентрациясы таңдалды. Зертханалық және далалық жағдайында іріктеліп алынған штаммдар мен биопрепараттардың биологиялық белсенділігі бағаланды. *Locusta migratoria* L. санын төмендету үшін энтомопатогенді саңырауқұлақтар негізіндегі тәжірбиелік биологиялық препараттар әзірленді және өндіріске енгізілді.

Баймуратов Алибек Кыдырхожаевичтің диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында дәлме-дәл егіншілік жүйесінде ашық кара-қоңыр топырақтағы қоректік заттардың танәпішілік өзгергіштігі». Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығыс жағдайында алғаш рет қоректік заттардың жылжымалы формаларының құрамы бойынша суармалы ашық кара-қоңыр топырақтың танәпішілік өзгергіштігі мен күздік бидайдың жаңа сорттарының өнімділігі зерттелді. Суармалы учаскеде дәлме-дәл егіншілік жүйесінде күздік бидайдың жаңа сорттарына тыңайтқыштар енгізу жүйесі әзірленді. Тыңайтқыштарды дифференциалды енгізу технологиясы әзірленіп, дақылдардың ішкі өнімділігін теңестіруге, өнім сапасын жақсартуға, тыңайтқыштарды жүйелі қолдану арқылы топырақтағы негізгі агрохимиялық көрсеткіштерді біртіндеп теңестіруге мүмкіндік беретін дәлме-дәл егіншілік технологиясы бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл технологияның басты элементі – ол топырақтағы негізгі қоректік элементтердің деңгейін танәптың барлық жеріндегі тіртектілігін қамтамасыз ету. Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары бойынша 8 ғылыми мақала халықаралық және республикалық маңызы бар журналдар мен конференция жинақтарында жарық көрді. Диссертациялық жұмыста топырақтану және агрохимия саласына қолдануға болатын қажетті мәліметтер көп, топырақтың агрохимиялық құрамын зерттеу арқылы тыңайтқыштарды дифференциалды енгізу жұмыстарын тиімді пайдалану арқылы жоғары өнім алу, өнім сапасын арттыруда тигізетін үлесі мол.

Муминова Шолпан Самандаровнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштердің әсері». Қазақстанның оңтүстік өңірі жағдайында майбұршақ дақылының әртүрлі сорттарының өнімділігін арттыруға және өнім сапасын жақсартуға септігін тигізіп, яғни минералдық тыңайтқыштар мен биореттегіштерді

үйлестіріп қолдану негізінде өсіру технологияларын жасау өзекті мәселенің бірі болып саналады. Сонымен қатар, осы мәселені шешу кезінде макро және микротыңайтқыштар мен биореттегіштерді үйлестіре қолдану майбұршақ дәнінің өнімділігі мен сапасын реттеуге мүмкіндік береді. Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына алғаш рет минералдық тыңайтқыштармен биореттегіштердің әсері зерттелді. Майбұршаққа тыңайтқыштармен биореттегіштерді қолдану майбұршақ дақылдарының – дамуын реттеп, экологиялық таза әрі бәсекеге қабілетті отандық өнім алуға мүмкіндік берді. Диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сай, жоспарланған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізген теориялық және практикалық нәтижелерге негізделіп жазылған ғылыми еңбек болып табылады.

Базарбаев Султан Оразбаевичтың диссертациялық жұмысының тақырыбы: «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру». Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтарының деградацияланған жайылымдық қорын тұрақты басқаруда, тиімділігі жоғары шараларды әзірлеу ғылыми және практикалық жағынан өте өзекті. Себебі, Қазақстанда осы күнге дейін сандық технологиялар негізінде деградацияланған жайылымдық аумақтарды басқару жөнінде ғылыми-практикалық және әдістемелік әзірлемелер жасалынбаған. Оларды әзірлеу және пайдалану жұмыстары жайылымдық қорларды басқару саласындағы қолда бар ғылыми білімдерді практикада одан әрі қолдана отырып, толықтыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелеріне мониторинг жүргізу арқылы оларды бағалау және қалпына келтірудің тиімді жолдарын әзірлеу үшін жердің бетін қашықтықтан зондтау мен далалық жағдайда жайылымдардың деградациялану дәрежелерінің топырақ және өсімдік индикаторлары зерттелінді. Далалық зерттеулер жүргізер алдында мониторингтік алаңдар (нүктелер) анықталып, оларда кескіндер қазылып, кескін қабаттарының морфологиялық сипаттамалары және олардағы топырақтардың толық аты анықталып, құрам-қасиеттеріне толық сипаттама берілді. Интерактивті карталарды стационарлық компьютерлерде, ноутбуктарда, смартфондарда және планшеттерде пайдалану ыңғайлы болу үшін арнайы интерфейс әзірленді. Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарындағы жайылымдарда таралған сұр, сұр-күрең және құмды топырақтарының химиялық құрамы мен физикалық қасиеттерінің ерекшеліктері және оларға сәл, орташа, күшті және өте күшті деградация дәрежелерінің әсерлері анықталды. Тауалды шөлейт және шөл аймақтарының деградацияға ұшыраған жайылым жерлеріне ғарыштық және жербеттік зерттеулер негізінде М 1:1000000 интерактивті сандық карталар жасалды. Сәл, орташа, күшті және өте күшті деградацияға ұшыраған жайылымдарды және ондағы сұр, сұр-күрең және шөлдің құмды топырақтарын жақсарту жөніндегі шаралар құрастырылып, солардың негізінде геоақпараттық жүйе әзірленді.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Вырахманова Асем Сабиткановнаның диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаға сәйкес келеді. Зерттеулер ҚР АШМ 2015-2017 жж. арналған «Қазақстан топырағының құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру» ғылыми-техникалық бағдарламасының, «Суармалы топырақтардағы ауыр металдардың және органикалық ластаушылардың мөлшерін ГАЖ қолдана отырып мониторинг жүргізу және топырақтың ластаушыларға қатысты қорғаныштық қасиеттерін арттыру әдістерін жасау» жобасымен тығыз байланыста жүзеге асырылды (мемлекеттік тіркеу нөмірі 0115РК02027, бағдарлама шифры О.0709).

Іркітбай Ажаргүлдің диссертациялық жұмысы мемлекеттік деңгейдегі жобалар аясында жасалмаған. Дегенмен, отандық ғылыми кеңесші Сапахова З.Б. АҚШ Ауылшаруашылығы министрлігі жағынан қаржыландырылатын «Борлауг» халықаралық ауылшаруашылық ғылымы және технологиясы стипендиясын жеңіп алып, «Салицил қышқылының бидайдың қуаңшылық стрессіне әсерін» АҚШ-та зерттеген болатын, сондықтан осы жұмысты жалғастырып, химиялық индукторлар – салицил және қымыздық қышқылдарының бидайдың өнімділігіне әсері, физиологиялық көрсеткіштеріне және саңырауқұлақ қоздыратын ауруларға төзімділігін арттыруға әсерін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Токтарбекова Салтанат Токтарбекқызының диссертациялық жұмысы келескелесі ғылыми жобалар аясында орындалды:

– Жасалатын сорттардың бейімделгіштік әлеуетін күшейту үшін табиғи ландшафтардан жемдік бұршақ шөптердің генетикалық корларын жинау, зерттеу және пайдалану, Мемлекеттік тіркеу № 0115РК00700, түгендеу №0217РК00499 (мемлекеттік жоба) 2017ж;

– Мал азықтық құндылығы жоғары көпжылдық шөптердің жоғары өнімді: көп мәрте шабылатын, суару жағдайында жылдам қайта өсетін жоңышқаның; азот тұзу қабілеттілігі жоғары, қуаңшылыққа төзімді эспарцет пен түйежоңышқаның; далалық және шөлейт аймақтарға бейімделген еркекшөптің сорттарын шығару, Мемлекеттік тіркеу № 0118РК01209 (мемлекеттік жоба) 2018ж;

– Құрғақшылыққа төзімді жоңышқа өсіру және оны Қазақстан, Қытай және Чилидегі қосалқы фермерлерге тарату үшін жабайы туыстық дақылдарды пайдалану тіркеу GS19001(халықаралық жоба) 2019ж.

Алимбекова Айнур Кабыловнаның диссертациялық жұмысы ҚР АШМ-нің басымды бағыты: 6 «Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі», 6.4 «Фиосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету», 2018 жылдың 20 қыркүйектегі №24 келісім-шартына сәйкес «ҚР АӨК-нің фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін карантин және аса қауіпті зиянды организмдерді бақылаудың озық технологияларын трансферттеу, бейімдеу және ендіру» ҒТБ-ның 3-ші тапсырмасы бойынша «Алматы, Түркістан, Қызылорда облыстары жағдайында оңтүстік американдық қызанақ күйе көбелегіне қарсы күресу шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу» тақырыбында 2018-2020 жылдары жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы.

Жуматаева Улжалгас Таубаевнаның диссертациялық жұмысы ҚР АШМ-нің 2018-2020жж. бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде 2018ж. 20 қыркүйектегі №24 келісім-шартына сәйкес ВР06249206 «ҚР АӨК-нің фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін карантин және аса қауіпті зиянды организмдерді бақылаудың озық технологияларын трансферттеу, бейімдеу және ендіру» ҒТБ-ның 4-ші тапсырмасы бойынша «ГАЗ (геоакпараттық жүйе)-технологияларын қолдана отырып», зиянды шегірткелерді топтық түрлерін биологиялық бақылау» ғылыми-зерттеу жұмысы 2018-2021 жылдары аралығында жүргізілген.

Баймуратов Алибек Кыдырхожаевичтің диссертациялық жұмысы келескелесі ғылыми жобалар аясында орындалды:

- Дәлме-дәл егіншілік үшін тыңайтқышты дифференциалды қолдану мен топырақты өңдеу жүйесін әзірлеу, Мемлекеттік тіркеу № 0118РК01214 (2018-2021ж.ж.);
- Бейімделген агротехнологияларды және оларды басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу үшін жерлердің агротехнологиялық маңызы, Мемлекеттік тіркеу № 0118РК01215 (2018-2020ж.ж.);

Муминова Шолпан Самандаровнаның диссертациялық жұмысы ҚР АШМ «Оңтүстік-батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» бөлімінде «Әлемдік әртүрлілікті пайдалана отырып, елдің әртүрлі өңірлері үшін жаңа, жоғары өнімді, стресстік факторларға төзімді ортада жоғары сапалы майбұршақ сорттарын құру және енгізу» мақсатты қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде 2018-2020 жж орындалды (Мемлекеттік тіркеу нөмірі №01185РК01208).

Базарбаев Султан Оразбаевичтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігінің 2018-2020 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде бекітілген жайылымдық жерлердің деградация дәрежелерін, жемшөп құндылығын және топырақ жамылғысын зерттеу бойынша «Қазақстанның деградацияланған жайылымдарын мониторингтеу мен бағалаудың геоакпараттық жүйесін құрастыру, оларды қалпына келтіру жолдарын басқарумен қамтамасыз ету» (мемлекеттік тіркеу № 0118 ҚР 01223) ғылыми бағдарламасы аясында жасалды.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Вырахманова Асем Сабиткановнаның диссертациялық жұмысы бойынша берілген ұсыныстар, Қазақстанның суармалы жерлерінің әртүрлі дәрежеде ауыр металдармен ластануын бағалаудың мәні, далалық зерттеулер жүргізу кезінде сандық технологиялар мен қашықтықтан зондтау әдістерін қолдану топырақтағы ауыр металдарға мониторинг жүргізу мәселелерін шешуге, ауыр металдармен ластанған аумақтардың жағдайы мен қалпына келу мүмкіндіктерін сенімді бағалауға және осының негізінде өсімдік шаруашылығының экологиялық қауіпсіз өнімін алуға мүмкіндік беретіндіктен ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар мен шаруаларға қолдану ұсынылады. Алынған мәліметтер нәтижесінде «Фоновое содержание тяжелых металлов в почвах Шаульдерского массива орошения и пути их поступления в растения кукурузы» атты өндіріске ұсыныс басылып шықты.

Іркітбай Ажаргүлдің диссертациялық жұмысы бойынша өсімдіктің төзімділік индукторлары – салицил және қымыздық қышқылдарының бидайдың өсімдігінің өсіп-өнуіне, өнімділігіне, физиологиялық көрсеткіштеріне және саңырауқұлақ қоздыратын ауруларға төзімділігін арттыруға оң әсерін берген концентрациялары анықталды. Осы оң әсер берген концентрацияларды болашақта фермерлер бидай егістігін саңырауқұлақ ауруларынан кешенді қорғауда қолдана алады.

Токтарбекова Салтанат Токтарбекқызының диссертациялық жұмысы бойынша зерттелген жоңышқа сорттарына макро және микротаңайтқыштардың әсері, өндірісте қолдануға ұсынылады. Жоңышқа дақылының өнімділігінің арттыру мақсатында фосфор тыңайтқышын кең көлемде қолдану ұсынылады. Фосфор тыңайтқышына әсер етуші зат бойынша P200 қолдану көкбалауса және құрғақ шөп өнімділігін 31,2 – 46 % өсіреді. Тұқым өнімділігін арттыруда фосфор тыңайтқышымен бірге молибден және кобальт микроэлементтерін қолдану өндіріске ұсынылады. Осы шара өнімді 2 – 3 есе арттырады.

Алимбекова Айнур Кабыловнаның диссертациялық жұмысы бойынша тәжірибеге енгізу үшін жабық алаңдарда қызанақ дақылын өсіру барысында қоныстанған оңтүстік америкалық қызанақ күйе көбелегі (*Tuta absoluta*) мен жылыжай аққанаты (*Trialeurodes vaporariorum*) зиянкестеріне қарсы күресу үшін макролофус (*Macrolophus nubilus*) биоагентін қоныстандыру ұсынылады. Оңтүстік америкалық қызанақ күйе көбелегіне (*Tuta absoluta*) қарсы макролофус (*Macrolophus nubilus*) пен қосымша көбелектің жұмыртқасына қарсы трихограмманы (*Trichogramma achaeae*) қолдану үшін өсімдіктің бүкіл өсіру фазасында әр 3 күн сайын 1 га 5-10 гр жіберіп отыру ұсынылады. Макролофус биоагентімен бірге феромондық желімді ұстағыштарды 1 га 15-20 данадан іліп, оңтүстік америкалық қызанақ күйе көбелегінің (*Tuta absoluta*) аталық дарақтарын жаппай ұстауға және мониторинг жүргізу үшін қолдану ұсынылады.

Жуматаева Улжалгас Таубаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша зиянды шегірткелерге қарсы жаңа микоинсектицид жасау үшін *Beauveria bassiana* BSc₁-15 және BCa₃(m)-09 энтомопатогенді саңырауқұлақтарының штаммдарын қолдану ұсынылады. BSc₁-15 және BCa₃(m)-09 отандық штаммдары негізіндегі жартылай препараттық үлгілері шегірткеге қарсы отандық биологиялық препараттарды жасау үшін перспективті өндіруші және соның негізінде жасалатын микоинсектицидті препараттарды «Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне» келешекте енгізу ұсынылады.

Баймуратов Алибек Кыдырхожаевичтің диссертациялық жұмысы бойынша өндіріс жағдайында топырақтың біркелкілігін ретке келтіретін жоғары қоректендіру фондағы егіншілік технологияларын (N150P120K90) пайдалану ұсынылады. Дәлме-дәл егіншілік технологиясын қолдануда 1 тонна өнімнің өзіндік құнынан төмендеуі тыңайтқыштарды дифференциалды енгізу кезінде күздік бидайды өсіруге кететін 1 га шығынның төмендеуі мен бидай өнімділігінің артуы есебінен қайта орнына толтырылады. Сонымен қатар климаттық факторларды ескере отырып, жергілікті экологиялық ортаға бейімделген отандық селекция сорттарын қолдану ұсынылады.

Муминова Шолпан Самандаровнаның диссертациялық жұмысы бойынша Түркістан облысының тауар өндірушілеріне майбұршақ дақылынан мол әрі сапалы өнім алу үшін келесі ұсыныстар берілді:

- Майбұршақтың «Ласточка», «Аққу» және «Галина» сорттарынан суармалы сұр топырақ жағдайында 30-35 ц/га орташа өнімділік пен 23-26% ақуыз және 18-20% май өндіруді қамтамасыз ету үшін фосфор мен калий тыңайтқыштарының (P60K45) мөлшерін қолдану ұсынылады.
- Майбұршақтан 35-38 ц/га орташа өнімділік пен 32-37% ақуыз және 21-23% май өндіруді қамтамасыз ету үшін фосфор мен калий фондында (P60K45) Mo, B микроэлементтерімен үстеп қоректендіру ұсынылады.
- Майбұршақтың 33-38 ц/га орташа өнімділігі мен 40-45% ақуыз және 21-22% майдың шығымдылығын қамтамасыз ету үшін фосфор- калий тыңайтқыштарының фондында (P60K45) Эпин 50 мг/га биореттегішпен үстеп қоректендіру ұсынылады.
- Ең жоғары 34-39 ц/га майбұршақ өнімділігі мен 50-52% ақуыз және 25-26% май өндіруді қамтамасыз ету үшін фосфор- калий тыңайтқыштары фондында (P60K45) Вуксал универсал 2,5 л/га биореттегішпен үстеп қоректендіру ұсынылады.

Базарбаев Султан Оразбаевичтың диссертациялық жұмысы бойынша тауалды шөлейт және шөл аймақтарындағы сұр, сұр-күрең және құмды топырақтардағы деградацияға ұшыраған жайылымдары қалпына келтіру үшін келесідей шаралар ұсынылады:

- табиғи қалпына келу қабілетін жоғалтқан өте күшті желінген жайылымдарды және ондағы сұр, сұр-күрең топырақтарды түбегейлі жақсарту үшін оларды 15-18 см тереңдікке аудармай өңдеу қажет. Жайылымдарды қалпына келтірудің барлық кезеңінде мал жаю мен шөп шабудан толықтай бас тартқан жөн;
- күшті дәрежеде желінген жайылымдардағы топырақтар мен өсімдіктердің жамылғыларын қалпына келтіру үшін үш маусымды төртжылдық ауыспалы жайылым жүйесін енгізу ұсынылады.
- орташа желінген жайылымдарды жақсарту үшін үш маусымдық үш жылдық ауыспалы жайылымдарды маусымаралық ауыспалы жайылыммен бірге жүргізу қажет. Мұнда жайылым учаскесі үш учаскеге бөлініп, малдарды онда кезек-кезек жаяды. Жайылымға жүктеме есептелгеннен 10 %-ға төмен.
- сәл желінген жайылымдарда үш маусымдық үш жылдық ауыспалы жайылым қолданылуы ұсынылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық Кеңестің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер қаралды және бекітілді. Рецензенттер халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі мен атақтары бар ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдарын тағайындады. Диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынды, онда олар таңдалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығын бағалады, философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы

қорытынды берді. Бекітілген рецензенттердің жұмысы және олардың пікірлері талаптарға сай болды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды диссертациялық кеңеске ұсынғанға дейін күшейту қажет. Бұл рәсім қорғалатын диссертациялық жұмыстардың ғылыми деңгейін жақсартуға және сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 8;

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрайымы  Р.Х. Рамазанова

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Г.Н. Кайрова

09.01.2024 г.